

Ақмешіт жастары

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

№ 47 (428)
25 қараша, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығарды

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жасыратыны жоқ, жас кәсіпкерлер кайдан пәлсапасы туралы естігенмен, оның ман-маңызын жете ұғына бермейді. Өйтпей, жетістікке жетпейтін нұсқау екенін шамалап, осы төңіректің кітапты шолумен ғана шектелген. Алайда мамандар кайдан философиясының негізгі мақсаты жетістік емес, әділдік, теңдік екенін түсінгенде ғана жүйе нәтиже беретінін айтады. Сөйбей кайдан адамдардың қолдауға мұқтаж, бірлесіп өмір сүруге мәжбүр шақта дүниеге келген. Олай дейтіміз, II дүниежүзілік соғыстан кейін жапон халқының күнөріс деңгейі төмендеп, экономика әлсізеткен-түрті. Сол кезеңде ар азамат белгілі бір саланы мінсіз деңгейге дейін иегері қоғамға осы арқылы пайда келтіруді өзін мақсат етіп қойды. Осылайша, күнделікті әрекет, тоқтаусыз еңбек ету секілді жапон ұстанымы жүйеге айналып, кайдан пәлсапасы пайда болған.

Әл діндемен кайденнің көпке жазатын тұсы – әділдік пен сапа. Жүйе адамдарды табыс көзін молайтып, жеке қаражатты

аңызға айналырудың бір жолы да осында жатыр. Мәселен, Жапониядағы компаниялардың басым бөлігі бірнеше ғасырдан астам тарихы бар іргелі өндіріс орындары. Бұл елде ғасырдан артық тарихы бар 100 мың компания орналасқан.

жасайтын халықтың қатарына енуінің бір ұшы да кайдан философиясында жатса керек. Жан-жағын таза ұстау, ұжымның тілін табу, әділдік кайдан пәлсапасының жарымы ғана. Ең бастысы – ар тазалығы,

Бүгінде көз келген салада сату өнерінен бастап, өмір-салтын өзгертуге арналған ұстаным, нақты формула жетерлік. Арнайы курстарды айтпағанда, философиялық негіздемесі қалыптасқан жүйе де көп. Солардың ішінде жас кәсіпкерлер арасында кең танымалы – кайдзен пәлсапасы. Ендеше, «сонғы уақытта кең тараған бұл жүйенің артықшылығы неде?» деген сауалға жауап іздеп көрейік.

КАЙДЗЕН:

өсіруді емес, өуелі тұтынушының көңілінен шығуға үндейді. Тұтынушыға ұнамайтын өнім өндіру арқылы қоғам дамуына үлес қосу да жүйеге керек емес. Оның үстіне әріптестер арасында пайданың әділ бөлінуін қадағалау да назардан тыс қалмаған. Содан болар, Жапонияда қарпайым жұмысшының ірі кәсіпкермен тең деңгейде қымбат кәлік сатып алуына, шетелде демалуына мүмкіндік бар. Өрине, бұл түк бітпей, қаржыға қарық болу деген сөз емес. Ортақ табыстың тең бөлінуі мүмкіндік пен жұмыс сапасына тәуелді.

Кайдзен мамандардың ұстанымы бойынша, егер жұмысы бір нәрсеге көңіл толмаса, демек жүйе ол мекемеде жемісті нәтиже беріп жатқан жоқ. Өйткені бизнесті үздіксіз жетілдіру жолында ұжымдағы әр адам рухани біріктілісіне өзіне керек. Қызметкерлер бір-бірін алақаздап, жұмыс жасайды деп толмай, наразы күнде жүрген мекемеден кайдзен философиясын талпайсыз. Ол аздап, басыңыз аста-төк тұрмыс көшіп, өзінің өзінше азғантай жалақыны азық-түлікке өрес жеткізіп отырған жұмысшы адал еңбек етпесі белгілі. Ал басыңыз мен қызметкер бір-біріне сенбейтін, арқасыңыз өз қамын ойлайтын ұжымда табыс көңіл көншітпейді. Міне, сондықтан кайдзен жүйесін енгізген ұжымның сапа мен әділдік тұрғысынан өзгеруден оқ бойы озық тұруы таңқаларлық жағдай емес.

Кайдзеннің бір шарты – ысырапсыз өндіріс. Өндіріс артық шығынсыз болуы үшін ұжым беріліп еңбек етуі керек. Яғни, басыңдан бастап қарпайым жұмысшыға дейін өз ісін жақсы көріп істесе, өндіріс алға басады. Тіпті компанияның атын

Жапон халқы ондай компанияны «шинсэ» деп атайды. Демек, кайдзенді кеше-бүгін пайда болған философия емес, ежелгі табыс жүйесі деп түсінген абзал. Күншығыс елі мұндай ұзақтылығы үздіксіз қызметтің сырын тұтынушының көңілінен шығумен байланыстырады. Яғни, Жапонияда кәсіпорындар тұтынушы үшін еңбек етеді. Ал өндіріс процесінде басқалар ұсық-түлек деп елеулімін нәрселерге жиі мән беріп, мұқият тексереді. Кей кәсіпкердей «оған ұнамаса, өзгесі сатып алады» деген жауапкершіліксіз қарау аталған пәлсапаға сай келмейді.

Кайдзен қағидаларында көрсетілген тазалық – жапон қоғамы үшін ең маңызды аспект. Әр жапонның жұмыс күші тазалықтан басталады. Бұл елде қоғамдық қызмет мекемелері таң ата мекеменің іші-сыртын жуып-шайып, басқа шаруаға осыны кірседі. Мұндай әдет ата-бабадан жалғасқан өнеге секілді. Әлемдегі ең ұзақ

адамгершілік, мейрім. Самурай кодексіңде жазылған бұл ұстаным кайдзеннен де орын тапқан. Кайдзен философиясы бойынша адамның жұмыс орны ғана емес, санасы да таза болуы керек. Сонда жұмыс жақсы жүреді. Мамандар мекемеді өзің қажетсіз зат, тіпті шаңы сүртілмеген терезе, ұзақ жыл сыланбаған қабырғаға дейін жұмыс істеуге деген ынтаны басыатынын әлдеқашан дәлелдейтін емес пе?..

改善

P.S. Пәлсапаның пайымын қорыта айтқанда, адал еңбек пен өділдік – шыңға шығар басты жол. Сондықтан жастарымыз ықыласын аударған кайдзеннен бүгінгің ғана емес, кейіңі бұрынғы да алары мол екені даусыз.

Берен ШАҒЫРБОВ

Нуржанна БАҚУОВА, Ұлыбританиядағы «Глазго» университетінің «Биомедициналық инженерия» мамандығы бойынша магистранты:

БИОМЕДИЦИНАЛЫҚ ИНЖЕНЕРИЯ – ҮШІНШІ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ НӘТИЖЕСІ



– Қайырлы күн, Нуржанна! Кәзірті жаңа технологиялар күн саяп өмірімізге өзгеріс енгізіп жатыр десек те, кейбірін түсініп үлгермейтіміз рас. Өңтімімізді биомедициналық инженерия саласының қоғамға әкелген жаңалықтарынан бастайықшы. Саланың негізгі зерттеу бағыты қандай? – Иә, дұрыс айтасыз, кәзір жаңа технологиялар саны күн сайын артауда. Әрине, адам өмірінің сапасын арттыруға бағытталған технологиялар бүгінде ең жылдам дамып келе жатқан ғылым саласының бірі. Молекулалық биологияның жетістіктері бірінші заманауи революция болды. Геномика – екінші революция. Адам геномының құрылымы және эволюциясы, сірех көздерінің иммундық аурулардың төбесіне ісік ауруларының иммунологиясы, ортоспидиялық және аурустық аурулардың молекулалық генетикалық негіздері, генетикалық мутациялардың скринингі және тағы да басқа адам өміріне өзгеріс әкелген ғылым жетістік өте көп. Ал осы аталған жүйелердің, нақтырақ айтқанда, биологиялық және медициналық ғылымдарының инженериямен байланысы кәзірті таңда биомедициналық инженерия саласы ретінде үшінші революцияға өкелді, яғни

биомедициналық инженерия – күрделі медициналық проблемаларды шешуде инженерлік әдістер мен дағдыларды қолдану саласы. Биомедициналық инженерия тарихында адам өміріне өзгеріс әкелген жетістіктер қатарында ең алдымен рентгендік аппараттардың жасап шығарулы денсаулық сақтау жүйесін айтарлық дамытты. МРТ және ультратыбыстық технологиялардың тарихындағы бүгінде диагностикалық қана емес, терапевтік емдеуде де қолданылуда. Тағы да бір ғасырлық-технология ЭКГ аппараттары биомедициналық инженерияның тарихындағы үлкен жетістіктердің бірі. Биомедициналық инженерияның жаңашыл бағыттары көп. Айта кетсек, нанотехнология, жасуша-үлпа-ген инженериясы, биомеханика, биоматериалдар, медициналық құрылғылар және визуализациясы, генетикасы, қатерлі ісік ауруларының, нейронинженерия, ортоспидиялық инженерия, чиптік биосенсорлар, жасанды орган, жасанды интеллект, 3D биопринтинг, бионика және тағы да басқа да қоғамға қажетті бағыттарды қамтитын ауқымды сала. Ғылым деңгейден организмдік деңгейге дейін физиологиялық функциялардың жетіспеушілігін өтейтін немесе келтіретін ғылымның қолданылуы «универсал бағыт».



МӘДЕНИЕТ

«Балет өнерін өшіріп алмауымыз керек» 3

IT

Табыстың кілті – Instagram 4

ПОЗИТИВ

Қолыңызда тәтті латте ме? 8

РЕДАКТОР БАРАНЫ

Қазір «Газетті гаджет алмастырды», «Газет-журналға жазылып, ақша шығындап не көрегі бар? Тіпті болмаса, сол газеттің электронды нұсқасын оқуға болмай ма?» деген пікірлерді жиі естиміз. Сол кезде ата-өзіміздің қолына газет алып, керемет көңіл-күймен демалып отырғаны көз алдымызға келеді. Ностальгия емес пе?!

«АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ»



СІЗДЕРДІ АСЫҒА КҮТЕДІ

«Ақмешіт жастарында» да білікті тілшілер аймақтың әр түрлі нәтиже табуға жеткізіп, мақалаларымен белгілі екенін білдіріп келеді. Мәселен, бұл елде ғасырдан артық тарихы бар 100 мың компания орналасқан.

түсіле жүрген белсендінен бастап, күнделікті тіршілігі құрылыста, дегерлік қабілетте, мектеп сыныбында өткізіп жүргендер мен ауылда, қырман басында еңбек ететін жас-

тардың маңызды мәселесін қаузауға ардағын асық. Қандай да бір айбатты, жолбарстың қайратты жастар жайлы әр нәмір сайын мақалалар жарық көріп, сол тенеуді ақтайтын көрсетеді. Осының арқасында сіз бен біз болып бір ұстаемін мәртебелі мінберге айналады. Біз ақпарат оқырманға пайдалы болу керек немесе таңқалдыру керек деген ұстаныммен жұмыс істеуге барына тырысадымыз.

Алғашқы кәсіпкерлердің нәтижесі көрінер уақыт жақындаған сайын көңіліміз үміт пен күдік қатар билеп алатыны рас. Баспасөзге жазылу барысындағы көңіл-күй де солай. Оның жетімен соңғы нәтижелерді парақтадық. Пандемияға дейін газет он мың оқырманның үстінде болса, қазір сөзіз мыңның айналма-сында қалған екен. Аса қуанға қоймайды. Өйтсе де, бұл күндер арта қалады, біз өз қалпымызға, өз оқырманмызға ораламыз деген үміт бармыз. Өйткені қазір жазылу науқаны жүріп жатыр. «Өлі де уақыт бар ғой!» дейтін жерлерестерімізді асығуға шақырмыз! «Ақмешіт жастары» сіздерді, оқырманын асыға күтеді!

Мәлдір СНАДИН



Қазіргі таңда өнерге бейім жастарға жетістікке жетудің жарқын үлгісін көрсетіп жүрген замандасымыздың шығармашылық ерекшелігі көпке мәлім. Сыр бойы

Бұл – ақын, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, белгілі тележурналист Толқын Қабылша жайлы пікір. Өлеңдері әсем сөздермен өрнектелген ақынның шығармашылығына құлақ түрмеу мүмкін емес.

Бүгінде ақын Толқын Қабылшаның сөзіне жазылған әндерді Мақпал Жүнісова бастаған эстрада жұлдыздары, айтулы өнер иелері шырқап, тыңдарман қауымның ыстық ықыласына бөленіп жүргені көпшілікке белгілі. Сондай-ақ ақын Толқын Қабылшамен шынайы шығармашылық байланыстан туған көптеген әндердің авторы белгілі сазгер, әнші Индира Елұбаева ақынның сөзіне жазылған «Күз кеуде», «Ана», «Әйел-ғұмыр», «Асыл өке» секілді бірнеше әндерді өмірге әкеліп, ол әндерді қазақ сахнасында шырқалуда. Жылда кеш қонағы Индира Елұбаева ақынның сөзіне жазылған «Күз кеуде» әнін шырқады.

атты кітабы 2011 жылы оқырманға жол тартса, «Жаңбырдағы сағыныш» кітабы 2016 жылы Алматыда тұсауы кесілді. Ақынның «Осы бір сәт ұнайды» атты үшінші жыр жинағы мемлекеттік тапсырыс

ӨЛЕҢІНЕН ӨЗІН КӨРУТЕ БОЛАДЫ...

талантының жағымды жаңалығын насихаттау мақсатында облыстық жастар ресурстық орталығының және №19 қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен Толқын Қабылшаның «Поэзия өлемінде» атты жыр кеші өтті. Кешке ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда филиалының төрайымы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қаршыға Есімсейітова және халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қатіра Жаленова қатысты. Сонымен қатар ақын Серік Ыдырысов, Мөлдір Айтбай мен Мақсат Дәуылдай да кештің құрметті қонақтары қатарынан көрінді. Шығармашылық кеште Қаршыға Есімсейітова сөз сөйлеп, ақын шығармашылығына сәттілік тіледі. Одан әрі Қатіра Жаленова: «Сөз – қазақтың тегіне, өлең – қазақтың қанына, ал ақын – бағына біткен асылдар. Толқын Қабылшаның ең бірінші сөз киесін түсінуінің өзі, оның жай ақын емес екенін айтады», - деді.

Ақынның өлеңдеріне, жарыққа шыққан кітаптарына тоқталып, ыстық пітіпатын білдірген Серік Ыдырысов ақ батасын берді.



Бүгінде Толқын Қабылшаның өлеңдері бірнеше шет тілдеріне аударылып, «Қазақ заманауи поэзиясы» антологиялық жыр жинағына еніп, түркітілдес елдердің әдебиет кеңістігінде кеңінен насихатталуда. Автордың «Жаныммен жалғыз көкшем мұң»

негізінде жарық көріп, еліміздің барлық кітапханаларында жыр сүйер оқырманын қуантады. Міне, сол оқырмандар әдеби-жыр кешінде ортаға шығып, өлеңдерін оқиса, ал №43 орта мектептің мұғалімі Гүлзия

Жумағалиеваның ақынға арнауын шаққирт Айтбай Көркем жеткізді. Кеш соңында тамшыдай тұнық сөзімен мұнда, қалтқысыз іңкәрлікті өлеңдерінің өн бойына арқау еткен ақын Толқын Шахарбекқызы сөз алып, қатысушы қонақтарға алғысын білдірді.

«БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА ӨСІП-ӨНДІК»

Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Оны музыка мәдениетінен, қолөнерінен, асханасынан, тіпті ұлттық білімінен байқаймыз. Мәселен, бүгінде бүкіл әлемдегі еврей ұлтының өкілін өздеріне тән бас киімнен таңуға болады. Бұл орайда біз ұлттық ерекшеліктер турасында «Lev am» облыстық еврей этномәдени бірлестігінің жетекшісі Вера Ивановамен тілдескен едік.

Вера Владимировнаның айтуынша, ол «кипа» аталады. Бұл – дәстүрлі еврей бас киімі. Еврей дәстүріндегі кипа қарапайымдылықты білдіреді және шляпаның астына киледі. Бұл дәстүр бас киімдер габодаттың міндетті атрибуты болған кезеңдерде қалыптасқан. Көптеген басқа этностар секілді еврейлер үшін де ақ тұс қасиетті. Бұдан бөлек, аптаның басы еврейлер үшін жексенбіде басталады. Жұмада ізгі іске үлес қосып, қайырымдылық жасау маңызды. Сенбіде мерекелік дастархан жайылады, демалыс күнді өзінше арнау арқылы жаңа аптаға жаңа қарқынмен қадам басасыз. Ал Жаңа жыл еврейлер үшін қыркүйекте басталады. – «Рош-а-Шана» еврей дәстүрі бойынша қыркүйекте атап өтіледі. Ол екі күн тойланады. Егін жинауға, демалуға және бір жыл ішіндегі істерге есел беріп, қорытынды шығаруға таптырмас уақыт. Оған қоса тағам жасауда тыйымдар бар. Ол «кошер» деп аталады. Қарапайым тілмен айтқанда, жеке дайындалатын арнайы тағамдар. Ет тағамдарын дайындаудың әдісі бар. Бұдан бөлек, еврейлер керемет қиялаға ие атақты жазушылардың көп болуы, олардың жас кезінде ойлау қабілетін дамытатын ертегілер мен мифтерді көп естіп өсуіне байланысты деп есептеледі. Сондықтан ұяңқатар алдында балаға көбірек ертегі айтуға, осылайша оның білімді болып өсуіне ықпал етуге тырысамыз. «Қарыз беруден бас тартсаң да, кітап сыйлаудан бас тартпа». Бұл – басты қағида, – дейді Вера Иванова.

Шынында, дүниежүзінің тарихын өзгертуге атсалысқан төрт адамда ортақ бір нәрсе бар. Атақты Альберт Эйнштейн, Карл Маркс, адам санасын зерттеу арқылы психологияның жаңа теориясын жасаған Зигмунд Фрейд және физиканың атасы Исаак Ньютонның

Олар қазіргі ғылымның, психологияның және әлеуметтанудың негізін қалады және еврейлердің жетістігі тек осы адамдармен шектелген жоқ. Нобель сыйлығы иегерлерінің 30 проценті де еврейлер екен. Мәліметтерге сүйенсек, қазір еврейлер әлем халқының 0,025 пайызын құрайды. Елімізде олардың жалпы саны жеті мыңнан қырық бес мыңға дейін жетті. Қазақстан территориясына 1867 жылдан бастап қоныстана бастаған еврей ұлты бүгінде бір шаңырақ астында тату тірілік кешуде. Биыл Сыр елімен бірге жасасып келе жатқан «Lev am» облыстық еврей этномәдени бірлестігінің құрылынына да мерейлі 15 жыл толып отыр. Бірлестіктің негізін қалаушы – Людмила Ли, 2018 жылдан бастап оны кейіпкеріміз Вера Иванова басқарып келеді. – Он бес жыл аз уақыт емес. Бұл уақыт аралығында еліміздің тұтас жаңа буыны қалыптасты. Осы орайда айта кету керек, қиын-қыстау заманда қазақ халқы қаншама ұлт пен ұлысқа пана болса білді. Бәрімізге бірдей теңдік берді. Үлт пен ұлысқа болмеді. Қазақстан – ортақ үйіміз. Біз осындай дарқан көңілді қазақ халқымен жасасып келе жатқанымызға мақтанамыз. Жеткен жетістіктеріміз ел болып жұмылған интымағымыздың арқасы, – дейді бірлестік жетекшісі.



М.СНАДИН

7 КҮН ЖЕЛІСТІ

КӨНЕ ӨНЕРДІҢ жаңа тынысы



Дәстүрден таңбай, қолөнердің қадірін арттырып, оны заманауи технология тілімен үндестіріп жүргендер аз емес. Ұлттық брендті қалыптастыру жолында аянбай тер төгіп жүрген жандардың көптігі қуантады.

Осыны ескерген «Орда» жолары колледжінің «Техникалық мамандықтар» бөлімі «Білім, ғылым және техника – инновация үлгісі» атты апталық аясында «Колөнер – сырлы өнер» көрмесін өткізді. Мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау, ұлттық өнерді, ұлттық тәрбиені жастардың бойына сіңіру. Шарада студенттер «Сыр шеберлері» қолөнершілерінің қарбаласқа толы жұмысының жемісін көрді. – Қапалық «Сыр шеберлері» тобының мүшесімін. Қолөнермен айналысып келе жатқаныма біраз уақыт болды. Бұған дейін де осы тектес көрмелерге қатысып жүрмін. Ұлттық құндылығымызды жоғары қоятын орта болса, неге келмесек?! Ежелгі өнердің дамуына өз үлесімді қосуға әрекет дайынбыз. Оның үстіне ұлттық байлықтар әдемі ғана болмауы тиіс, отбасының тарихымен сыр шертені дұрыс деп есептеймін. Оның түп негізі, тарихи тамыры сақталуы қажет. Сондықтан арнайы қалаларға, мұражайларға барамын. Жастардың бойына да осындай дағдыларды сіңіруіміз керек, – деді ісмер Ләура Боранбаева.

Лаураның кәсіби шеберлігін жоғары дәрежеде болуы өз алдына Алға қойған мақсаты көп екен. Осы өнерді одан әрі дамытып, жетілдірсем дейді. Сонымен қатар өз қолынан шыққан дүниесі ыстық көрінетінін, тұтынушылардың да оң-түні тынбай дайындаған заттың бағалауы, қолданыста ұстауы іштей қуаныш сыйлайтынын жеткізді. – Колөнердің бар құдіреті, титтей нәрсені көрсеткен, қолына ине алмаған қыздардың өз тігуді бастап кетеді. Колледж оқушысына, шара ұйымдастырушысы Жадыра Күздібаева көрме барысында үйренсем, көрsem-білsem, көне өнерге жаңа тыныс берsem деген жастардың көптігін байқағаным айты. Шынында, бұл шарада ырыққан қолөнерден тапқан ісмерлердің еңбегі лайықты деңгейде бағаланды деуге болады.

ЖАСАМПАЗ ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК



Ғылым мен техниканың қаршатап дамыған кезеңінде заман көшіне ілесіп, зайырлы қоғамды қалыптастыруға үлес қосу – әрбір жеке тұлғаның мақсаты.

Ол бәсекеге қабілетті ел қатарынан көрініп, қанатымызды кеңге сермеуге жол ашады. Бүгінгі таңда әрбір азаматтың кәсіби шеберлігіне, білім өрісінің көкейіне, зияткерлік және ой-парасатының шыңдалуына жаңа технологиялар әсер етуде. Жаһандану дәуірінің бір бұрышында қалып қоймас үшін білім қоржынымызды ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, зерделі ой-санамызбен толықтыра түсуіміз қажет. Елдегі білім беру реформасының нәтижесін берер тұсы да осы болса керек.

Қазіргі таңда білім беру мекемелері мен ұстаздарға бірқатар талап қойылады. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көптілі педагог кадрларды дайындау іске асырылуда. Бағдарламаны жүзеге асыру базалық пәндер циклында шетел тілінен сағаттар санын арттыру, тіпті бағдарламаларға өзгерістер енгізу арқылы жүргізілуде. Әсіресе пәнді үш тілде оқытатын педагогикалық кадрларды дайындау басты назарда. Коуч сабақ өтетін ұстаздарымыздың саны мен сапасы артты. Мектеп тренерлері құрстан өтіп, өз тәжірибелерін берішпен білім алғандарында белгісіз келеді. Мектептерде жоғары сыныптарға техникалық мамандықтар пәнін ағылшын тілінде оқыта отырып, білім алушылардың әлемдік оқудағы үдерістерге ықпалдауына жағдай жасалады. Орыс мектептеріндегі «Қазақстан тарихы» пәні қазақ тілінде жүргізілсе, қазақ мектептеріндегі «Дүниежүзі тарихы» пәні орыс тілінде жүргізілетіні көңіл тұрады. Осының негізінде әрбір жасампаз жеткішек үш тілде еркін сөйлей алатын, зерек ойлы тұлғаға айналмақ.

Аида ҚАЛИЕВА, Ө.Құдабаев атындағы №197 мектептің ағылшын пәні мұғалімі

МАРКЕТИНГТІҢ МАҢЫЗЫНА ҮНІЛСЕК...



Маркетинг – қоғамның ажырама бөлігі. Маркетингтің негізі – клиент, ал нәтижесі – пайда табу. Нақтысын айтқанда компанияның нарықтағы қызметі. Бұл тақырып Қызылорда көпсалалы «Ұлағат Қызылорда» колледжінің маркетинг мамандығында оқитын студенттерге апталық аясында кеңінен талқыланды. «Экономикалық техникалық және арнайы пәндер» бірлестігінің «Білімді ұрпақ – тұрақты даму келілі» атты апталығы аясында өткен «Заманауи әлемдегі маркетингтің ролі» тақырыбында танымық-топтық сайыстың мақсаты – білім алушыларға Қазақстан экономикасын дамытудағы маркетингтің маңызы, алатын орын, ерекшелігін түсіндіру. Тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктерін дәріптеу. Сайысқа студенттер арасынан «Нарық» және «Жарнама» топтары қатысты. Нәтижесінде «Жарнама» тобы I орын, «Нарық» тобы II орын иеленді.

Г.ӘБДІКЕРІМОВА, «Ұлағат Қызылорда» колледжінің оқытушысы

Бетті дайындаған Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

Дарындылардың барлығы балалық шақта өз жолын адаспай таңдаған. Олар кездейсоқтыққа сенбейді. Жүре келе адал еңбек, маңдай тердің арқасында шыңдалып, қалаған биігіне самғайды. Бойынан нәзіктікпен қатар қайсар рух есетін жерлесіміз Аида Тасымбетова солардың қатарында. Көл бетінде жүзген ақудай аяқтың ұшымен ғана билеп, елді тамсандырған балетмейстер Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясын тәмамдаған. Бүгінде туған жерге оралып, балалардың өнердің осы түріне терең бойлауына жол ашуда. Жақында жас талантпен тілдесіп, балет бишілерінің өнер көрсетуі үшін неден бас тартып, қандай жанкештікке баратыны жайлы білген едік.

– Аида, алдымен сауалымызды мынадан бастасак. Өнердің бұл түрімен айналысуыңызға ата-анаңыз ықыласты болды ма, өлде болмысыңызда балетке деген ерекше бейім бар ма еді?

– Баламын, кез келген жаңа дүние, беймәлім өнер тамсандырартын. Теледидардан сұлулығы келіскен, құс қанатындай қолы қалықтаған балериналарды көріп, балетке деген ынтам күшейді. Алайда, ол кездері біздің өңірде балет студиясы болмады. Тек Оқушылар сарайына барып, би үйірімінде шыңдалатынбыз. Мұнан соң Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжине оқуға түсіп, хореография саласын таңдадым. Мұнда арманымдағы балетпен айналысуыма, классикалық биіге деген құштарлығымның оянуына ұстазым, Сыр елінің өнер майталманы, балетмейстер Болат Қаржаубаев түрткі болды. Талантты биші өзі өмірден ерте кетсе де, өнері еш уақыт санамыздан өшкен жоқ. Тәжірибелі маман бар білгенім бойымызға сіңірді. Соның нәтижесінде Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында режиссер-хореограф мамандығы бойынша білім алдым. Айтпағым, балетке деген сүйіспеншілігім еш кеміген емес. Ол жақындарымның арқасында, себебі олар менің жаныма жақын өнерді қолдады. Таста деп шорт кескен кезі болған жоқ.

– Қатаң тәртіп, жоғары талап пен зор жауапкершілік. Балерина осы үдеден шығуы тиіс. Сіздің күн тәртібіңіз қандай болды?

– Балерина болуды әрбір қыз баласы армандайды. Бірақ, оның өз қиындығы бар. Бұл – өкінің бірине бұйырмайтын бақ. Оған қол жеткізу үшін белгіленген кестеуге көніп, талаптан аттамауың қажет. Спорттағы секілді жаттығудан қол үзуге болмайды. Өзіме келсем, балет мені еңбекқорлыққа үйретті. Көп жаттықтым. 2 сағат үзбей дайындалған сәттер болды. Академияда жүргенде кейде ұстаздарымыз жаттығуларды қайталауды сұрағанда күшім сарқылып, шама жетпейтіндей көрінетін. Алайда, осы қатал талап кәсіби қалыптасуыма ықпал тигізді.

– Сырт келбет қаншалықты маңызды? Артық салмаққа, дене бітіміге байланысты шектеу бар ма және майтабан диагнозы анықталғандарға балетпен айналысуға мүмкіндік қарастырылған ба?

– Балетте икемге, музыканы тыңдай білу қабілетіне, ең бастысы, денсаулыққа мән беріледі. Көру қабілеті, фактура, яғни сырт келбет маңызды. Салмақ роль ойнайды, дегенмен дұрыс тамақтануға көңіл бөлінеді. Жаттыққан сайын жүктеме көп, бұл тұста артық салмақ жайлы ойлап, уайымға салынбауға болады. Жаттықса да салмақтан арсылу қынға соғатындай

оралдым, сол сәтте «Өзім кезінде қол жеткізе алмаған балет студиясын неге туған жерде ашпасақ?» деген ой келді. Бар білгенімді балаларға үйретуім керек деп шештім. Алайда, өз күшіммен жалға ғимарат алып, бастаманы жүзеге асыруға қанша тырысқаныммен, карантиннің кері әсері тиді. Жақында облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы жанынан көптен күткен балалар балет студиясын ашып, жұмысты жандандырудамын. Басты жауапкершілік – ата-анада. Қазір 12 бала балеттің қырсырын үйренуде, дарынды оқушылардың болашақта жетістік төрінен табылардай қабілеті қалыптасып келеді. 4 жастан бастап қабылдаймыз, өйткені ерте жастан жан-жақты дамыту балалардың физикалық дамуы мен талантын анықтауға көмектеседі. Мұнда балалар арқасын тік ұстауға қалыптасады, икемі артады, тәртіпке үйренеді. Ой-өрісінің кеңеюіне, балеттің сиқырлы әлемімен, классикалық музыкамен танысуына мүмкіндік мол. Бір сөзбен айтқанда, балет – безат өнер, мәдениеттің, эстетикалық тәрбиенің көзі.

– Балет өнерінің негізін қалаушылар ретінде кімдердің есімін атай аласыз? Сондай-ақ, қазір көрермен сұранысы қандай деңгейде? Соның ішінде қазақы ортаның... – Қазақ балетінің



Мемлекеттік академиялық Опера және балет театрында еңбек ететін ұстазым Гүлжан Асанбекқызының да мен үшін орны бөлек. Көрермен сұранысына қатысты сауалға тоқталсам, батыс елдерінде балетке бару рухани демалысқа баланады. Ал, бізде балет театрына билет алу енді қалыптасып келе жатыр. Нұр-Сұлтан, Алматы секілді үлкен қалаларда балеттүйер қауымның қатары қалып. Бұл – әртістердің көрермен мәдениетін қалыптастырып, балетті мойындауына әсер ете білгенінің арқасы. Олардың бас киім шешіп, классикалық өнер ошағына сай киініп, балет солистерін үздіге күтіп отыру қанаттандырады, шабыт сыйлайды. Өлемдік жаунарларды қазақ баласының билегенін

билеп шыққанмын. Ал, 45 жастағы әйел қандай кәсіби биші болсын? Бұл – үлкен сұрақ» деген еді. Соңғы мәліметке сүйенсем, бишілерге 20 жыл еңбек өтілінен соң айлығына белгілі бір процент көлемінде қосылды деген жаңа заң шыққан. Бишілердің шамағы келгенше сахнадан түспеуге, зейнетке басқа ел қатарлы шығуға құқығы бар. Негізі, бишілер физикалық құрылымы жағынан өмірлік ұстанымы, жеке денсаулығы тұрғысынан әртүрлі. Мәселен, аты айгілі Майя Плесецкая 90 жасқа келгенше билеген. Қытайдың атақты бишісі Янь Ли Пин 58 жаста, өзі де сахнада жүр. Табиғат адамзатты әртүрлі етіп жаратқан, дегенмен гимнастика үлкен салмақ түсіретіні белгілі.

Аида ТАСЫМБЕТОВА, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы жанындағы балалар балет студиясының жетекшісі:

„БАЛЕТ ӨНЕРІН ӨШІРІП АЛМАУЫМЫЗ КЕРЕК“

үшін диетаға отыруға кеңес беріледі. Ағзада дәрумен тез тарайтындықтан дәрумен ішіп жүру қажет. Ал, майтабан диагнозы тіркелгендерге балетпен айналысу қиын. Аяққа артық күш түседі, мұны өскеру керек. Еңбекқорлық, талпыныс, жігер, жарақаттарға қарамай, өз-өзіңді аямай жұмыс істеу – балеттегі басты талап екенін ұмытпаған жөн.

– Балет аяқ киімі – пуанттың аяққа әсері қандай?

– Балеринаның аяқ киімін көріп, көбісі мұнымен қалай қозғалуға болады деп таңданады. Бірақ, біз оны кимес бұрын аяқты дайындап, бұлшықеттерді босатамыз. Алғаш кигенде қорқыныш билейтіні жасырын емес. Алайда, уақыт өте қалыптасып кетесің. Бірақ, аяққа әсері айтарлықтай. Кейде қажау, қандай да бір ауырсыну болуы мүмкін. Мұндай кезде зақымдалған жерді таңып, әрі қарай жаттығуды жалғастыру біз үшін үйреншікті жайт. Сондықтан көбінде өзінмен бірге дәрі-дәрмек қобдшасы жүреді.

– Өзіңіздің жетекшілігіңізбен Сыр өңірінде балалар балет студиясы жұмысын бастады. Естүімізше, балалардың қуанышында шек жоқ. Шынында, бізде баласын балеттен көргісі келетін ата-ана көп пе?

– Жоғарыда айтқанымдай, біздің бала кезімізде Сыр өңірінде балет студиясы жабылып қалды. Ойымыздағы дүниеге қол жеткізе алмадық, арман алыстағандай көрінді. Академияда алған білімнен кейін мен Алматыдағы спорттық гимнастика мектебінде, «Соррейя» балалар балет мектебінде дәріс беріп, қажетті тәжірибе жинақтаған едім. Содан соң карантин уақытында елге

тарихында өшпес ізі бар ҚР Мемлекеттік академиялық би театрының негізін қалаушы әрі тұрақты жетекшісі, ҚР халық артисі, әйгілі хореограф Болат Аюхановтың есімін ерекше атар едім. Өткен жылы Дүзеппе Вердидің музыкасына орындалған бір әктілі балетті Қазақстанның Мемлекеттік академиялық би театрының артистері сахналаған еді. Соған жетекшілік етіп, хореографиясын қойған – 83

көріп, марқайғанда келген шетелдіктердің де бізге деген құрметі еселене түседі. Балетті түсінудің бір ғана жолы бар. Ол – театр табалдырығын аттап, қойылымды көзбен көру.

– Медицина мамандары бұл өнермен денсаулығыңды өсері байқалатынын айтады. Сондықтан болар, балет артистерінің карьерасы қысқа. Бұл пікірмен қаншалықты келіссіз және

Сондықтан бұл ойлантатын мәселе болып қала бермек және оның шешім табуы уақыт енішінде. Ал, жалпы елімізде мәдениетті дамытуға деген қолдау зор. Президенттің жақында жариялаған Жолдауынан оқып шықтық, мұнда жас таланттарды қолдау мәселесі қолға алынатыны мені қуантты. Қолға алған үйірмен – балет студиясы да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Балалар үйірімі» қызметін жандандыру тапсырмасы негізінде сәтті жүзеге асып отыр.

– Бір жылдары «Мисс Қызылорда» сұлулық байқауында топ жарып, республикада аймақ абыройын қорғағыңызды білдік. Бұл сіздің жан-жақтылығыңызды көрсетеді. Әмбебап Аиданың болашаққа жоспары қандай? Балетті басқа салаға айырбастауыңыз мүмкін бе?

– Кейде менен «Жаттығу залына барып, күнде бір нәрсені қайталай бергеннен жалықпайсың ба?» деп сұрайтындар кездеседі. Шын мәнінде балаға бір нәрсе үйретуім үшін өзім күн-түні жаттығуым қажет. Балет бүгін келіп, ертең кете салатын нәрсе емес. Балетке келдің бе, тұтастай өмір жолыңды соған арнау қажет деген ойдамын. Бұған қоса бала кезден бойымда қалыптасқан жан-жақтылықтың арқасында басқа бастамаларымды шет қалдырған емеспін. Бос уақытыма театрда режиссерлік етемін, фитнес орталықта жаттықтырушы қызметін атқарамын.

– Жастық шақта жалыңда! – менің ұраным осы.

– Сұхбаттыңыза рахмет!

Әңгімелескен: Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ



жастағы осы Болат Аюханов. Сондықтан да жұртшылық білген аңыз адамды үлкен өнер иесі ғана емес, танымал тұлға ретінде құрметтейді. Әдемі қартаюдың, өз ісіне шын берілген азаматтың үлгісі деп біледі. Бұдан бөлек олардың қатарында би пәдішисы Дәурен Әбіров, ұлттық балет репертуарын байытып, қазақ сахнасын салтанатқа көтеруге атсалысқан Рамазан Баюов бар. Абай атындағы Қазақ

сіздің ойыңызша елімізде мәдениетке, балет секілді безат өнердің дамуына қолдау жеткілікті ме?

– Карьера қашан бітетіні кімімен қарайтынына байланысты. Бұған дейін балет бишілерін зейнет демалысына ерте жіберу туралы мәселені өнер майталманы Болат Аюханов көтерген болатын. Ол «Қырық бес жасымда соңғы рет Гамлетті алқынып, әрең

СТУДЕНТТЕР ТЕАТРЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ?



Мәдениет пен өнерге ұмтылған буын өткен мен болашақты бағамдай алар қабілетке ие. Әсіресе, жастардың өміршең өнерге құштарлығы, риясыз адалдығы қоғам санасын өзгертті, жаңа өмір-салтын қалыптастыруға итермелейді. Өткен аптада тұсауы кесілген «Ассорти» студенттер театрының алға қойған мақсаты да осы ұстаныммен мүдделес екені байқалады. Сыр өңіріндегі өнерлі толқын салаға жаңалық әкелумен шектелмей, жастардың санасына сілкініс жасауды бағдар еткен.

Жаңа театрдың өзгешелігі сол, мұнда тек шығармашылық қабілеті жоғары студент жастар шоғырланыпты. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің шәкірттерінен құралған ұжымда бет әрлеуші, режиссер, өртіс, дыбыс қоюшы – бәрі студенттер. Бүгін театрға артылар жүкті жалынды жастар бірлесіп еңсеріп, бар күш-шынысын аямауда. Әрқайсысы таным-түсінігі жоғары, өнерді жан-тәнімен терең түсінуге қауқарлы дарындыр. Содан болар, «Ассорти» театрының алғашқы тұсаукесер шарасы – «Ызғар» қойылымы көрменнің оң бағасын алып, кәсіби мамандар тарапынан қолдауға ие болды. Талантты жастардың тырнақалды туынды есебінде «Ызғар» трагедиясын тандауы өзіндік тұлғам мен ұстанымға қайрылған екен.



Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің Жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы:

– «Ассорти» театрын құру колледж жастарының ортақ идеясы аясында жүзеге асты. Басты мақсат та айқын. Құрамында студенттер ғана өнер көрсететін театр ашу. Жауапкершілігі ауыр мұндай бастаманың оңайға түспесі күні бұрын сөзілді. Сондықтан шәкірттер күн-түн демей дайындалып,



«Ызғар» – жастық жалынның нышанына айналған желтоқсан оқиғасының желісінде жазылған қойылым. 1986-шы жылдан бастап, Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі аралықтан сыр шертеді. Колледж шәкірттері көркемдік құрылымы, сахналық суреттеу шешімі, безендіру жұмысына бөлгеніне атсалысып, қойылымның сапалы шығуына жәрдемдесті. Бірі музыкалық әрлеуге қолдау білдірсе, бір студент би қимылдарын ойластырды. Тіпті жарық қоюшыға дейін колледж жастары болды. Осыдан-ақ жастардың басын қосатын, бірлікті дәріптейтін өнердің ролін анық аңғару қиын емес.



Бекзат ЕШМҰРАТОВ,
театр жетекшісі:
– «Ызғар» трагедиясын алғашқы қойылым ретінде

«Ызғар» трагедиясы арқылы жастардың қоғамдағы рөлі мен болмысы өзгермейтінін, студенттердің қозғаушы күш екенін көрсетуге талпынды.



Бекасыл СЕРІК,
театр режиссері:
– Қойылым ерке қыз бен апасының арасына қызының үй тапсырмасына жәрдемдесіп отырып, қиын қыстау сәттегі жастардың жігерін сөз етеді. Артында ғайыптан 35 жылға арқа шегінген қойылым кейіпкерлер арасындағы студенттік шақтағы кіршіксіз сезімді суреттеледі. Ізінше ел ішіндегі ауыс-түйіске деген жастардың қарсылығы, наразыларды тепкіге салған тәртіп сақшысы, қызметі үшін биліктің нұсқауын орындаған



Айжан Қасымханова,
қойылым хореографы:
– Театр ұжымына қойылымның негізгі идеясы мен мән ұнады. Барлығы өз ойын ортаға салып, оқиға желісін, құрылымды дамыту тұрғысында қолдау білдіруге тырысты. Мен де өз тарапыман қойылымның би элементтерін әзірлеуге, бейнені ашатын қимылдарды деп табуды мақсат тұттым. Сол заманның келбетін тани келе зұлымдық пен мейірімді бейнелейтін сюжетті бимен көрсетуді қолға алдым. Осылайша ақ пен қара кейіптегі рухтардың би тартысы дүниеге келді. Айта кетерлігі, би бөлігіне саладағы заманауи қимылдар таңдалып, барынша көңіл-күйді дәл беретін бағыттарды араластыруға күш салдық. Желтоқсан ызғары бейнелейтін әуен де ойымыздағы нәтижеге қол жеткізуге көмек берген секілді.



керекті қабілет-дағиыны игеруге күш салған. Әлемдік әбігерге салған коронавирус салдарынан алғашқы қойылым мерзімі бірнеше мәрте кейінге шегерілгенмен, жастардың жігері мұқалмай, соңғы нәтиженің жемісті боларына үміт артты. Осылайша қараша айында театр құрылып, студенттер Қызылорда облыстық филармониясының концерт залында «Ызғар» трагедиясын сахналады.

тандау сәтті шешім болды деп санаймын. Себебі тәуелсіздік үшін жан қиған Желтоқсан оқиғасының құрбандары, сол кездегі жастардың психологиялық көңіл-күйі, әлеуметтік-саяси қысым салдарынан еріксіз жасаған амалдары туралы қаншама шындық жабулы күйде. Бұл сол кезеңдегі қатыгез жүйенің нұсқауын ғана емес, адамдардың бір-біріне жасаған мейірімін де көрсету керек деген сөз. Театр ұжымы

декан, жастық жігермен тайсалмаған жастар бейнесі әлсіз-әлсіз көрініс береді. Осылайша алаңа шыққан кейіпкерлердің махаббаты трагедиямен аяқталады. Алайда, үйірілген бұл артынан күн шығатыны секілді, қырың жастардың ерлігі егемен елдің қазіргі ұрпағы ұлықтайды. Мұндай оқиға желісі ерлік пен өрлік табы бүгінгі буынның бойында бар деген ұғым еді.

Р.С. «Ассорти» студенттер театрының тарихи жолы енді басталды. Қазіргі өзінде жастардың өнерге махаббаты мен құлшынысынан әлі талай қойылымның жоғары дәрежеде өтетіні байқалауда. Сыр бойы студенттерінің жаңа суретіне сәттілік тілейміз!

Б.ШАҒЫРОВ,
суретті түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ

Айтбай Мөлдір Қызылорда қаласында дүниеге келген. Тасбөгет кентіндегі №11 орта мектепте жетінші сыныпқа дейін білім алып, арқы қарақ қазақ-түрік лицейінде оқуын жалғастырған. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі. Университет қабырғасында жыр додалары мен ақындар айтыстарына қатысып, жұртшылыққа көң танылды. Ол – Тәуелсіздіктің төл құрдасы. Ертен, 26-қараша күні облыстық жастар ресурстық орталығында ақынның шығармашылық кеші өтеді. Ол осылайша Сыр жастарымен кездесіп, өркін пікір алмасақ.

Мөлдір Айтбай, ақын:

**“ШӨПТІ ДЕ,
ШӨҢГЕНІ ДЕ
ӨЛЕҢ ҚЫЛЫП
ЖҮРГЕНДЕР
КӨП...”**



– Алғашқы сауалымызды ақындық жолдан бастасақ...
– Анам – Қазына Өзденбаева Сыр халқына есімі де еңбегі таныс өнер адамы. Айтыскерлік, ақындық және журналистік жолын ел біледі. Сол ізді жалғая табиғи жолмен маған бұйырыпты.
– Шығармашылық адамдарында «шабыт» деген теңеу бар. Айтыңызшы, сіз шабытты қайдан аласыз?
– Иә, шығармашылық қабілеті бар адамның «шабыт келмей жатыр, шабыт келіп тұрғанда» деген сөздерін жиі естимін. Дегенмен мен арнайы мезгіл-мекен талғаймаймын. Кез келген сәтте, уақытта, жерде өлең шығара беремін. Поэзия

– Ақын Қалқанам Сарин мырамен ең алғаш 2010 жылы шабыт фестивалінде таныстым. Ол менің бір-екі өлеңімді оқып: «Сенің атың Мөлдір емес, Мөлдір өлең екен» деген. Сол атау кейін өміріме еніп кетті.
– Спорттан бірнеше жетістігіңіз бар екен. Азия чемпионы да болыңыз. Спорттан кетіп, ақындық жолды таңдау қиына соқпады ма?
– Жоқ, керісінше. Бала кезден спортшы болуды қаладым, анам ақындықты тандады. Кейін спортқа деген махаббатымың алауы ақыры жеңіп, қайтадан спортқа бардым. Екі жылдай қайта нөлден бастап, грепплинг (джиу-джитсу) түрімен



өлеңдері көңілге, жүрекке түйген ой мен әсер еткен оқыс оқиғаларға байланысты туады. Ал ең, сөзі немесе арнауы вокзалда, мектепте бадақ арасындағы қоңырауда да шығара беремін.
– Кез келген мамандық оңай емес. Дегенмен қыз балаға ақын болуы керек емес «Әттеген-ай» деген кезіңіз болды ма?
– Ақындықтан азап шеккен немесе өлеңнен өкіген күнім жоқ.
– Естүімізше, 26-қарашада шығармашылық кешіңіз болады. Қатысушы жастарға ең алдымен қандай кеңес бересіз?
– Өзімнен кейінгі өлеңсүйген немесе өлең жазумен айналысқысы келетін жастарға көп ізденіп, еңбектеніп, сан рет сараланған жырларын ғана елге ұсынса дегім келеді. Себебі шөпті де, шөңгені де өлең қылып, таратып жүргендер көп.
– Осы уақыт аралығында сізді толғандырған нәрсе бар ма?
– Карантин уақытында қызым бір жасар ғана еді. Босанғаннан кейінгі күйзелсіз дей ме, оған өнер адамының қанатын қырыққан карантин қосылған шақта көп нәрсе толғандырған еді. Шүкір, қазір бәрі орнына кел жатыр. Ал ол мәселелер толғанға тұрмайтын уақытша дүниелер екен. Оған анық көзім жетті, сондықтан жоқ десем болады.
– Неге өкінесіз? Нені қанағат тұтасыз?
– Ештеңеге өкінейтін адаммын десем, сенесіз бе? Кез келген ең ұсақ нәрсенің өзін қанағат тұта аламын. Қанағат аздық етсе, өз еңбегіммен көбейтуге тырысамын.
– «Мөлдір өлең» ең алғашқы туындыңыз. Тақырыбы кімнің идеясы?

айналысып, Азия чемпионы болғаннан кейін ҚР спорт шебері атағын алып, сол жерден тоқтадым.
– Бір сұқбатыңызда кәсіпкерлікпен айналысып жатқаныңызды оқыдық. Жалпы қай саладан, қай кәсіп түрінен көп табыс табуға болады?
– Ол кезде Алматыда «Мөлдір» атты баспа үйім болған. Кейін бірін сатып жібердім. Маңдайым шылықп еңбек етсең, етік тіліп те баюға болады.
– Өңшілер сахнада өн айтқанда «Мейрамбекпен өлең айтқым келеді!» деп жатады. Сіздің айтқыңызды келетін ақын кім?
– Қазіргі таңда №101 мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін. Екі жыл көлемінде бала күтімімен отырдым, айтқым мүлде шықпадым. Сондықтан дәл қазір сондай бір айтқым құштарлығым жоқ.
– Қазіргі айтқыстарда бұрынғыдай батылдық бар ма? Мәселені айттыста өткір айтуды деп кімдерді атап едіңіз?
– Кез келген ақын өткір айтуды. Батылдық айттыста да, әлеуметтік желіде де, поэзияда да, көшеде де толып жатыр. Тек батылдықты көрінген жерде көзсіздікпен жасаудың қажеті жоқ.
– Мен сауал жолдамаған, сіз оқырмандарыңызды қуантқыңыз келетін қандай жазалықтарыңыз бар?
– Өзіңге өлеңім бірге толып жатқан 30-ынан басқа жауалығым жоқ. Бола қалса, сүйішпен едздеріңбен бөлісетін боламын.
– Сұқбатыңызға рақмет!
Өңгімескен
Мөлдір САБЫРЖАН

